

# Мемлекеттік қызметшілердің құқығы қорғалды

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментімен, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Мәселен, Департаментпен 2025 жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша 60 үстеме жұмыс істеген мемлекеттік қызметшілерге 120 тынығу сағаттары беріліп, құқықтары қалпына келтірілді. 4 мемлекеттік қызметшіге 1 198 564 теңге іссапар шығындары төленіп, 2 мемлекеттік қызметшіге еңбек демалысы беріліп 3 049 455 теңге төленді.

Бұдан бөлек, 2025 жылы мемлекеттік органдарға бару және қашықтықтан жұмыс уақыты режимінің сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 337 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтіріліп, жалпы 674 тынығу сағаттары берілді.

Сонымен қатар, арыз қарау нәтижесі бойынша 3 мемлекеттік қызметшіге еңбек демалысы 972 042 теңге, 1 мемлекеттік қызметшіге 277 687 теңге

көлемінде сыйақы төленіп, 4 мемлекеттік қызметшілердің құқығы қалпына келтірілді.

Ағымдағы жылы Департаментпен «Алматы облыстық сәулет және қалақұрлысы басқармасы» ММ-не қатысты арыз негізінде жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының, сондай-ақ қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру тәртібінің заңдылығының сақталуына қатысты мән-жайлар қаралды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Еңбек кодексіне және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес әрбір мемлекеттік қызметші кемсітусіз, тең еңбек жағдайында және белгіленген тәртіппен сыйақы алуға құқылы. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен сыйлықақы беру тиісті нормативтік құқықтық актілермен реттеледі және бірдей талаптар мен көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Тексеру нәтижесінде мерекелік күндерге орай белгіленген сыйақыларды төлеу барысында жекелеген мемлекеттік қызметшілерге қатысты теңдік қағидатының сақталмағаны анықталды.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге толық көлемде төленген сыйақы сомасы нақты бір қызметшіге толық көлемде аударылмаған. Бұл жағдай еңбек құқықтарын іске асыру кезінде кемсітушілікке жол бермеу қағидатына қайшы келеді.

Анықталған бұзушылықтар бойынша Департамент тарапынан тиісті шаралар қабылдау туралы ұсыным енгізілді. Мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, толық төленбеген сыйақы сомасын өндіру және

алдағы уақытта мұндай жағдайлардың алдын алу жөнінде нақты ұсынымдар берілді.

Нәтижесінде, 2 мемлекеттік қызметшіге жалпы сомасы 2 185 524 (екі миллион жүз сексен бес мың бес жүз жиырма төрт) теңге төленіп, құқықтары қалпына келтірілді. Сонымен қатар, бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Департамент мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – мемлекеттік қызмет жүйесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етудің негізгі кепілі екенін атап өтеді.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің тірегі. Олардың құқықтарының сақталуы – әділетті әрі тиімді мемлекеттік аппарат қалыптастырудың басты шарты. Заң талаптарының бұзылуына, әсіресе еңбек құқықтарының шектелуіне жол берілмейді. Әрбір өтініш мұқият қаралып, құқық бұзушылық анықталған жағдайда нақты шаралар қабылданады.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуына бақылау әрі қарай да жалғасатын болады.

**С.Б. КАМОЛИДИНОВ,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің**  
**Алматы облысы бойынша**  
**Департаментінің бақылау**  
**басқармасының бас маманы.**

## Креативті индустрия

### Мұғалім – әлемдегі ең үздік мамандық

Адам өмірдегі ең басты бақытының бірі мен бағыты ол- мамандық. Адам сол мамандықпен тіпті өз туғандарынан да артық уақытын өткізеді, артық сырласады, тіпті кейде артық жақсы көреді. Мамандығы үшін барын салатындар оны өмірінің мәні деп санайды. Қоғамдағы қай мамандық болмасын кетігін табатын кірпіш секілді қажеттіліктен туындайды. Бұл заңдылық. Мамандықтардың ең бірінші баспалдағы, әлемдегі ең үздік мамандық – ұстаздықтан басталады. Дүниедегі барлық маман иелері осы ұстаздың алдынан тәрбие, білім, тағылым мен ыждаһаттылықты үйренген. Дамыған мемлекеттерде, мәселен, Жапонияда біздің еліміздегідей ұстаздар күні деген атаулы мереке жоқ. Неге? Себебі, ол мемлекетте барлық күн ұстаздар күні болып есептеледі. Ұстазға деген құрмет жоғарғы деңгейде деген сөз. Ал, тізесі жаңа қатайып, дамыған қоғамның тоқтаусыз үдерісіне бел буып кірісіп кеткен жас мемлекетеміздегі бұл үрдістің орны қандай? Бұл көп ойланарлық мәселе деп ойлаймын. Адамына қарай қоғамын танитынын ескерсек, қазіргі қоғамдағы педагогтардың мәртебесі

неге төмендеп кетті деген сұрақ еріксіз ойды мазалайды. Бұл сұрақтың ең басты жауабы- ұрпақ алдындағы қоғамның жауапкершіліксіздігі деп түсінемін. Жауапкершілікті сезінбеген адам ешқашан өз елінің болашағын зерделемейді. Ал, болашақ жастардың, өскелең ұрпақтың қолында екенін ескерсек неге олардың білімі мен тәрбиесіне салғырттық танытудамыз. Жауапкершілікті сезінбеу өз баласына саналы білім мен тәрбиенің берілуіне кереғар қылықтар танытудан басталады. Мектеп қабырғасына ақ қағаздай болып келген шәкірттің толыққанды білім алуына қандай жағдайда болсын еңбек ететін ұстаздардың қадіріне жете алмауымызда болып тұр. Жағдай дегеннен көп оқиға еске түседі. Мәселен, шенді азаматтардың ұстаздарды басынып, оқушыдан ұстаздардың кешірім сұрауы; ата-ананың мінезінен қорқып талай мектеп басшыларының ұстаздарға ата-аналардан кешірім сұратуы тағы.. бұның бәрі не үшін, кім үшін...? Әрине, баланың біліміне жауапкершіліксіз қараудан. Өз баласына білім беріп отырған ұстаздың абыройын аяқ асты еткен бұл жағдайлардың соңы бұлыңғыр

болашақтың кепілі емес па?! Дәл осы жағдайларға ұшырамау үшін ұстаз әрине талап қойғысы да келмейді, тіпті бүгінде бұл мамандықтан бас тартқандар да аз емес... Бұл мәселені қалай шешпек керек? Бүгінде педагогтардың мәртебесін арттыру туралы бірқатар заңнамалар қабылданды. Хош.. Ал, сол заңдардың қатаң сақталуын кім қадағалап жатыр? Міне, мәселе осында. Біздің қоғамда қоғамдық тәртіпті қадағалаушылардың педагогтармен еш ісінің болмауында. Педагогтардың ар-намысы қорғалып, заңмен қатаң ескертулер берілуі керек. Қысқасы заң өз күшіне еніп, қағаз бетіне том-том болып басылып қана қоймай, педагогтар мүддесі үшін жұмыс істеуі керек. Кез-келген жіптің екі ұшы болады. Сол секілді, кейде ұстаздар тарапынан да айтарлықтай кемшіліктер жіберіліп жататынын жоққа шығаруға болмас. Педагогтардың жалақысы көбейгелі саны бар сапасы аз мамандар бүкіл мектепті жаулап алды. Жалыны тасып, өз мамандығын сүйіп келген жастар да бар. Алайда, тек көп жалағысы

үшін жұмысқа кіргендер де аз емес. Өз мамандығына сүйіспеншілікпен, ерекше ықыласымен ден қоймаған адамның ісі нәтижелі болмайды. Әр ұстаз білімді ұрпақтың негізін қалаудағы өз жауапкершілігін түсінуі керек. Педагогтар қай кезде өз мәртебесін биік көтере алады? Білімді, шығармашыл және шебер ұстаз атанғанда. Қазіргі мектеп табалдырығын аттап жатқан жас мамандарға қарап кейде қатты қарның ашады. Өз елінің болашағын ойлаған әрбір саналы адам өз балаларының сапалы білім алуы мен ұлттық рухани байлығын сіңіруін басты назарда ұстау керек. Бұл біржақты мәселе емес. Ошақтың үш аяғы болатыны секілді, ата-ана- оқушы- мектеп үштігінің бірлескен әрекеті ғана нәтижелі білім кепілі болмақ. Сөзімді қорытындылай келе, ой-санасы кемел ата-аналарымыз, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын, мәртебесі биік ұстаздарымыз және екен жемістің өнімін беретін шәкірттеріміз көп болсын дегім келеді.

**Гүлім БАЙСЕМІЗОВА,**  
**Кеңес Нұрпейісұлы атындағы**  
**мектеп-лицей мектепке дейінгі**  
**шағын орталығымен Түменбай**  
**бастауыш мектебі.**